

## Республикада "Жолың болғай" спорттық лотерея ойынын және "Табыс сәті" компьютерлік ойынын өткізу туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 24 наурыз N 234. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.10.31. N 1326 қаулысымен.

Спорттық ғимараттарды пайдаланудың тиімділігін арттыру, халықты спорттық және сауықтыру шараларына қатысуға тарту, дene шынықтырумен айналысуға және салауатты өмір салтына жұмылдыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Туризм, дene мәдениеті және спорт министрлігінің республикалық "Жолың болғай" спорттық лотерея ойынын және "Табыс сәті" компьютерлік ойынын өткізу туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының туризм, дene мәдениеті және спорт министрлігі Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан Республикасында ойындарын өткізу тәртібі туралы" 1992 жылғы 27 сәуірдегі N 383 қаулысына сәйкес республикалық "Жолың болғай" спорттық лотерея ойынын өткізу шарттарын және "Табыс сәті" компьютерлік ойынын өткізу шарттарын жасап, оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен, басқа да мұдделі министрліктермен және ведомстволармен қелісетін болсын.

3. Қазақстан Республикасының туризм, дene мәдениеті және спорт министрлігіне жергілікті әкімдермен келісе отырып, спорт ғимараттарында шаралар өткізілген кезде "Жолың болғай" лотерея ойынына рұқсат ету құқы берілсін.

4. "Табыс сәті" лотерея ойыны авторларының (компьютерлік нұсқасы) және "Жолың болғай" спорттық лотерея ойыны авторларының осы идеяны Қазақстан Республикасында іске асыру құқын беруіне, сондай-ақ осы ойындарды өткізу құқын басқа мемлекеттерге сатуға және авторлық құқықтарды қорғауды қамтамасыз етуге байланысты Қазақстан Республикасының Туризм, дene мәдениеті және спорт министрлігіне мұдделі министрліктермен және ведомстволармен бірге:

"Жолың болғай" спорттық лотерея ойынын өткіzetін ұйымдарды анықтау; жергілікті әкімдермен және қаржы органдарымен келісе отырып осы ұйымдардың әрқайсысында жыл сайын әр ойынга шығарылымдар күні мен билет бланкілерінің санын, оларды өткізуден түскен соманың ұтысқа беруге арналған

проценттік мөлшерін, сондай-ақ бір билет бланкісінің бағасын белгілеу;

лотерея ойындарын өткізуден түскен табыстың белгілі бір мөлшерін авторларға төлеуді көздеу жүктелсін.

5. Қазақстан Республикасының Туризм, дene мәдениеті және спорт министрлігі, облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері лотерея ойындарының ұйымдастырылуы мен өткізілуіне, құрал-жабдықтар мен материалдық құндылықтардың сақталуына, саудадан түскен түсімнің толық өткізілуіне, алынған табыстың дұрыс әрі мақсатқа сай пайдаланылуына тұрақты бақылау жасап отыратын болсын.

6. Қазақстан Республикасының Туризм, дene мәдениеті және спорт министрлігі Баспасөз және ақпарат құралдары министрлігімен бірге спорттық лотерея ойындарын кеңінен жарнамалап, оларды өткізуіндегі тәртібі мен шарттарын түсіндіретін болсын.

7. Қазақстан Республикасының Туризм, дene мәдениеті және спорт министрлігі Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне "Жолың болғай" және "Табыс сәті" спорттық лотерея ойындарын ұйымдастыру мен өткізу туралы жыл сайын хабарлап отыратын болсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК